

"Отбасылық үлгідегі балалар ауылы мен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі № 583 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 20 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 4 ақпанда № 8320 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 105-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Отбасылық үлгідегі балалар ауылымен жасөспірімдер үйлерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық кесімдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 18 шілдедегі № 583 бұйрығына (Құқықтық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 1629 нөмірімен тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшада:

2.2-тармағының 2.2.3) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Р.П. Шер):

1) осы бұйрықты белгіленген заңнамалық тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткен соң осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов